

Жобаны іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары мен жобаның бюджетін әзірлеу жөніндегі НҮСҚАУЛЫҚ

Құрметті қатысушылар!

Бұл нұсқаулықтар жобалық өтінімнің қосымшалары болатын жобаның іс-шаралар жоспары мен бюджетін әзірлеуде көмек үшін ұсынылады.

Сізден аталған құжаттарды әзірлеуге мұқият болуыңызды сұраймыз.

ЖОБАНЫҢ ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫН ӘЗІРЛЕУ

Жобаның іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - *Жоспар*) – бұл жоба шеңберінде өткізілген барлық іс-шаралар көрсетілген біртұтас құжат.

Жоспарда жобаның алдына қойылған мақсаттарға жетуіне көмектесетін іс-шаралар мен әрекеттер қысқаша сипатталады. Жоспардың көмегімен жоба шағын, орындалатын міндеттерге бөлініп, жобаны аяқтау үшін өтуі тиіс кезеңдер анықталады.

Жоспар сондай-ақ, оның 3 ай бойы іске асуын бақылау үшін қажет. Жоба бойынша барлық есептер (аралық, қорытынды) Жобаның жоспарына сәйкес жазылады.

Жоспарда қызметтің және іс-шаралардың барлық түрлері мерзімдері мен өткізу орындарын, іс-шараларға қатысушыларды көрсетумен сипатталуы тиіс.

Жоспарды әзірлеуде келесі жағдайларға көңіл бөлу қажет:

- 1) Жоспардағы барлық іс-шаралар/ іс-әрекеттер **дәйекті түрде хронологиялық (уақыттық) тәртіпте** (тамыз-қараша) көрсетілуі тиіс;
- 2) іс-шаралардың/ іс-әрекеттердің атаулары **нақты және түсінікті болуы тиіс;**
- 3) Жоспардың көрсетілген іс-шаралары **логикалық түрде байланысты, жобаның мақсаттары мен ресурстарына сай келуі тиіс.** Іс-шаралар шындыққа негізделген және қолжетімді болуы керек.

Жоба жоспарының құрылымы келесі 3 бағанадан тұрады:

- **«Іс-шара/іс-әрекет».** Бұл бағанада жобаның барлық іс-шараларын дәйекті түрде белгілеу қажет. Алдымен әр іс-шараны тұжырымдауға, ал сосын оны кестеге жазу үшін құраушылардың (іс-әрекеттердің) белгілі санына бөлуге кеңес береміз. **Жоспар 3 ай (тамыз-қараша) жобаны іске асыруды қамтуы тиіс.** Осылайша, Жоспарда **әр айға жоспарланған жұмыс көлемін** толық тұжырымдау керек.

- **«Жоспарланған мерзімдер».** Бұл бағанада аталған іс-шараны/ іс-әрекетті өткізуге жоспарланған уақыт кесіндісін көрсету қажет.

- **«Іс-шараға қатысушылар».** Бағанада аталған іс-шара/ іс-әрекет бағытталатын адамдардың санатын көрсету керек.

Нақты, алдын ала белгіленген Жоспардың болуы жобаны сәтті іске асырудың негізгі факторы болып табылады.

Есіңізге саламыз, шағын гранттар конкурсы шеңберінде қолдау көрсетілмейтін жобалар тізімі бар:

- 1) жобаны іске асыру барысында ақылы қызметтер көрсетуді/тауарлар сатуды көздейтін коммерциялық қызмет;
- 2) ұсақ жөндеуді қоспағанда, құрылыс жұмыстарының қандай да бір түрлерін немесе ғимараттарды/үй-жайларды, оның ішінде стадиондарды, жылыжай кешендерін реконструкциялау/қалпына келтіру жөніндегі жұмыстарды көздейтін жобалар;

- 3) жергілікті мемлекеттік органдар, өзге де мемлекеттік мекемелер немесе үкіметтік емес ұйымдар үшін жабдықтарды/тауарларды сатып алуды/жалға алуды көздейтін жобалар;
- 4) діни ұйымдарға қызмет көрсету жөніндегі жобалар (шіркеулерді, мешіттерді жөндеу немесе салу, діни білім беру, діни әдебиетті басып шығару және т. б.);
- 5) қоршаған ортаға теріс әсер етуі мүмкін жобалар;
- 6) жер учаскелерін сатып алуды/жалға алуды, тұрғын үй сатып алуды/жалға алуды, автокөлік сатып алуды көздейтін жобалар;
- 7) басқа көздер есебінен тікелей ақшалай қаржыландыру алатын жобалар;
- 8) ғылыми зерттеулер жүргізу, ғылыми-зерттеу әдістемелерін/бағдарламаларын әзірлеу;
- 9) баспаханада қолжазбалар, журналдар, газеттер жазуды/басып шығаруды көздейтін жобалар;
- 10) мақсаты ақшалай сыйлықтар тапсыру, құттықтауларды ұйымдастыру, қандай да бір бағдарламаларды немесе жобаларды іске асырғаны үшін ақшалай сыйақы беру және т. б. болып табылатын жобалар;
- 11) грант қаражаты есебінен тікелей ақшалай қайырымдылық көмекті көздейтін жобалар;
- 12) жыныс, нәсіл, діни сенім, жас белгісі бойынша кемсітушілікке әкеп соғуы мүмкін қызметті жүзеге асыру.

ЖОБАНЫ ІСКЕ АСЫРУ БОЙЫНША ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ

Жобаның атауы:	Жалғыз басты егде адамдарға волонтерлік көмек көрсету
Жобаны іске асыру аумағы:	Жетісу облысы, Текелі қаласы
Жоба бағытталған адамдарды қамтудың жоспарланған көлемі:	Волонтерлер – 20 адам, жалғыз басты егде адамдар - 30 адам

№	Іс-әрекет / іс-шара	Жоспарланған мерзімдер	Іс-шараға қатысушылар
1	2	3	4
1.	Текелі қаласында тұратын, көмекке мұқтаж жалғыз басты егде адамдардың тізімін жасау	Тамыз	Текелі қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі, Текелі қаласының Ардагерлер кеңесі
2.	Текелі қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі, Текелі қаласының Ардагерлер кеңесі қызметкерлерімен ынтымақтастық орнату	Тамыз	Текелі қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі, Текелі қаласының Ардагерлер кеңесі
3.	Тізім бойынша егде адамдармен хабарласу, егде адамдардың мұқтаждықтарын, оларға нақты қандай көмек керектігін анықтау	Тамыз	жалғыз басты егде адамдар
4.	Жалғыз басты егде адамдар үшін қажетті көмектің тізімін жасау (егде адамның ТАӘ, қандай көмек керек)	Тамыз	жалғыз басты егде адамдар
5.	Егде адамдарға барудың айлар бойынша кесетесін жасау	Тамыз	жалғыз басты егде адамдар
6.	Егде адамдарға көмек көрсету үшін волонтерлерді қабылдау туралы хабарландыруды тарату	Тамыз-қыркүйек	Текелі қаласының жастары
7.	Жас адамдардан тұратын волонтерлік жасақтың тізімін жасау	Тамыз	Текелі қаласының жастары
8.	Көмекке мұқтаж әр егде адамға 2 волонтерден бекіту	Тамыз	Текелі қаласының волонтерлері
9.	Егде адамдардың үйлерін жинау үшін жуатын заттар сатып алу	Тамыз	жалғыз басты егде адамдар
10.	Егде адамдар үшін азық-түлік өнімдерін сатып алу	Қыркүйек-қараша	жалғыз басты егде адамдар
11.	Егде адамдардың үйлеріне волонтерлік рейдтер өткізу және үйінде қажетті көмек көрсету (жинау, шаруашылығына көмектесу, т.б.)	Қыркүйек-қараша	Волонтерлер, жалғыз тұратын егде адамдар
12.	Әлеуметтік желілерде волонтерлік рейдтер туралы ақпарат орналастыру (Фэйсбук, Инстаграмм)	Қыркүйек-қараша	Волонтерлер, Текелі қаласының тұрғындары

ЖОБАНЫ ІСКЕ АСЫРУ БОЙЫНША ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ

Жобаның атауы:	«Тігін ісінің шебері» шығармашылық шеберханасы
Жобаны іске асыру аумағы:	Қарағанды облысы, Осакаров ауданы, Осакаровка ауылы
Жоба бағытталған адамдарды қамтудың жоспарланған көлемі:	Осакаровка ауылының әйелдері мен қыздары – 20 адам (5 адамнан 4 топ)

№	Іс-әрекет / іс-шара	Жоспарланған мерзімдер	Іс-шараға қатысушылар
1	2	3	4
1.	Шығармашылық шеберхана өткізу үшін үй-жай іздеу	Тамыз	жалға берушілер
2.	Қажетті жабдықтар мен материалдарды сатып алу үшін жеткізушілерді іздеу	Тамыз	жеткізушілер
3.	Осакаровка ауылының тұрғындары арасында шығармашылық шеберханасының ашылуы туралы хабарландыруды тарату	Тамыз-қыркүйек	Осакаровка ауылының тұрғындары
4.	Оқушыларды жинау, тігін ісіне оқыту үшін әйелдер топтарын қалыптастыру	Тамыз-қыркүйек	Осакаровка ауылының әйелдері мен қыздары, әсіресе жұмыссыз және жарлылар арасынан
5.	Әйелдер топтарын тігін ісіне оқыту кестесін жасау	Қыркүйек	Осакаровка ауылының әйелдері мен қыздары, әсіресе жұмыссыз және жарлылар арасынан
6.	Кестеге сәйкес тігін шеберлігіне оқыту бойынша сабақтар өткізу	Қыркүйек-қараша	Осакаровка ауылының әйелдері мен қыздары, әсіресе жұмыссыз және жарлылар арасынан
7.	Оқушылардың шығармашылық шеберханасына баруын бақылау, қатысу журналын белгілеу	Қыркүйек-қараша	Осакаровка ауылының әйелдері мен қыздары, әсіресе жұмыссыз және жарлылар арасынан
8.	Әлеуметтік желілерде шығармашылық шеберхана жұмысы туралы ақпарат орналастыру (Фэйсбук, Инстаграмм)	Қыркүйек-қараша	Осакаровка ауылының тұрғындары
9.	Шығармашылық шеберхана оқушылары үшін сертификаттар дайындау (сертификат дизайның әзірлеу, сертификаттың мәтінін жасау, сертификатты басып шығыру, т.б.)	Қараша	Женщины и девушки с. Осакаровка, в особенности безработные и малоимущие
10.	Шығармашылық шеберхана оқушыларына тігін шеберлігіне оқытудан өту туралы сертификаттарды табыстау	Қараша	Осакаровка ауылының әйелдері мен қыздары, әсіресе жұмыссыз және жарлылар арасынан

ЖОБАНЫҢ БЮДЖЕТІН ҒАЗІРЛЕУ

Жобаның бюджеті – бұл қатысушы жобаны іске асыру үшін жұмсайтын шығындар көрсетілетін құжат. Жобаның бюджеті жоба бойынша әзірленген іс-шаралар жоспарының негізінде әзірленеді және осы іс-шараларды өткізу үшін қажетті барлық шығындарды қарастырады.

Жобаны іске асыру үшін бөлінген гранттың сомасы жобаны іске асырумен тікелей байланысты шығындарды төлеуге ғана жұмсалуды мүмкін.

Жобаның бюджеті мақсаттары мен іс-шараларына толық сәйкесуі тиіс.

Жобаның бюджетінде келесі мәліметтерді ұсыну қажет:

– толық мағынасын ашумен **бюджеттің әр бабы бойынша шығындардың сомасы** (бірліктердің саны, бір бірлікке бағасы, жалпы сомасы). Бюджеттің бабы – бұл жобаның шеңберінде жүзеге асырылатын шығындардың атауы. Тауарлар, материалдар, жабдықтар жоспарланған жобаның мақсатты тобын қамту үшін қажетті мөлшерде сатып алынуы және әзірленуі тиіс.

Мысалы, егер жобаға 20 волонтерді тарту жоспарланса, онда алғыс хаттар әр волонтер үшін әзірленеді. Егер жобада тігін шеберлігіне 5 адамнан тұратын топтарға бөлінетін 20 қызды оқыту жоспарланса, онда сатып алынатын тігін машиналарының саны 5-еу болады;

– **жобаның жалпы құны** (сұратылған сомасы). Жобаның жалпы құны 1 000 000 теңгеден артық болмауы тиіс, бірақ кем болуы мүмкін.

Гранттың қаражаты шығындардың келесі санаттарына пайдаланылуы мүмкін:

1. Тартылған мамандардың еңбегін төлеу қоры (*жаттықтырушылар, сарапшылар, шеберлер және т.б.*).
2. Үй-жайды жалдау. Гранттың қаражаты жобаны іске асыру кезеңіне кеңсе үй-жайын жалдауды төлеу үшін пайдаланылуы мүмкін.
3. Жабдықтарды сатып алу/жалға алу. Гранттың қаражаты жобаны тиімді іске асыру үшін қажетті жабдықтарды сатып алуға немесе жалға алуға пайдаланылуы мүмкін.
4. Қажетті материалдарды (тауарларды, қызметтерді) сатып алу.
5. Типографиялық және полиграфиялық шығындар. Егер жобаға баспа немесе полиграфиялық материалдарды шығару кірсе, олардың болжамды мазмұның, көлемін, тиражын ұсыну қажет.
6. Кеңсе және шығыс материалдары (қаламдар, қағаз, дискілер, картридждер және т.б.). Жобаны іске асыру кезеңінде шығындардың есептесу сомасын көрсету қажет.
7. Көлік, іс-сапар шығындары. Іс-сапарлар облыстың шегінде ғана мүмкін. Бюджетті жасау кезінде әр іс-сапарға барушыға есептесу шығындарын (көлік, тұруы, тәуліктік) көрсету қажет.
8. Өзге шығындар.

ЖОБАНЫҢ БЮДЖЕТІ

Жобаның атауы:	Жалғыз басты егде адамдарға волонтерлік көмек көрсету
Жобаны іске асыру аумағы:	Жетісу облысы, Текелі қаласы
Жоба бағытталған адамдарды қамтудың жоспарланған көлемі:	Волонтерлер – 20 адам, жалғыз басты егде адамдар - 30 адам

№	Бюджеттің бабы	Бірліктер саны	1 бірлікке бағасы, теңге	Жалпы сомасы, теңге
1	2	4	5	6
1.	Жуатын заттарды сатып алу (қолға киетін, терезені, еденді жуу үшін тазартқыш заттар, шүберектер, ысқыш, басқасы)	1	40 000	40 000
2.	Кәсіби жуғыш шаңсорғышты сатып алу	1	400 000	435 000
3.	Жалғыз тұратын егде адамдар үшін азық-түлік өнімдерін сатып алу (шай, қант, жарма, май, сүт, ұн, макарондар, кәмпиттер, печенье, тосап, басқасы)	100	5 000	500 000
4.	Кеңсе тауарларын сатып алу (қағаз, қаламдар, қарындаштар, дәптерлер, басқасы)	1	5 000	5 000
5.	Волонтерлер үшін алғыс хаттар әзірлеу	20	1 000	20 000
	БАРЛЫҒЫ:			1 000 000

ЖОБАНЫҢ БЮДЖЕТІ

Жобаның атауы:	«Тігін ісінің шебері» шығармашылық шеберханасы
Жобаны іске асыру аумағы:	Қарағанды облысы, Осакаров ауданы, Осакаровка ауылы
Жоба бағытталған адамдарды қамтудың жоспарланған көлемі:	Осакаровка ауылының әйелдері мен қыздары – 20 адам

№	Бюджеттің бабы	Бірліктер саны	1 бірлікке бағасы, теңге	Жалпы сомасы, теңге
1	2	4	5	6
1.	Шығармашылық шеберхана өткізу үшін бір үй-жайды жалға алу (45 кв.м.)	3	50 000	150 000
2.	Оқыту өткізу үшін тігін машиналарын сатып алу	5	90 000	450 000
3.	Оқыту өткізу үшін мата сатып алу	150	2 500	375 000
4.	Оқыту өткізу үшін жіптер сатып алу	50	100	5 000
5.	Оқушылар үшін алғыс хаттар әзірлеу	20	1 000	20 000
	БАРЛЫҒЫ:			1 000 000